

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 8 сәуірдегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 27 мамырдағы № 78-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 8 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **т і з б е**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша):

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгіссін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық акт қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

2 7

м а м ы р д а ғ ы

№ 7 8 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 8 сәуірдегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	Терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезінде ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға тиесілі көлік құралдарын пайдалануға байланысты зиянды өндіріп алу туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰҚК (келісім бойынша)	2010 жылғы маусым

